

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Исаева Б.К., Калдыбаева Д.О.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық Университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Әлемдік тәжірибеде, көбінесе жаңғыртудың ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық түрлері ерекше орын алады. Ғылыми-техникалық жаңғыртудың басты мақсаты - еліміздің техникалы-технологиялық дамуының ең жоғарғы әлемдік шектеріне шығу, еңбек өнімділігін сапалық тұрғыдан жақсартып, сандық тұрғыдан еселейтін технологияларды, яғни «жабқыш» технологияларды игеру.

Жеке зерттеушілер, жаңғырту теориясы АҚШ экономикасының Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы техникалық және технологиялық қайта қарулануы нәтижесінде пайда болды деп пайымдайды.

Ауыл шаруашылығына қатысты жаңғырту процесі, біздің ойымызша, дамудың, көбінесе экстенсивті жолына емес, интенсивті түріне ауысуға негізделеді. Ол ауыл шаруашылығын дамытатын инновациялық жобаларды іске асырумен байланысты ірі инвестициялық салымдарды және ескіден жаңаға ауысуды талап етеді.

Мемлекеттік қызметкерлердің есептеріне қарай Қазақстанның ішкі нарығының негізгі азық-түлік тауарлармен қамтамасыздығы 2019 жылы 80 % құрады. Жеке тауарлар бойынша ішкі тұтыным ішінде отандық өндірістің үлесі әлі де төмен деңгейде қалып отыр: құс еті – 51%, ірімшік пен сүзбе – 58%, қант – 54%, шұжық өнімдері – 61%, алма – 70%, балық – 62%. Біз 500 мың тонна сүтті шетелден аламыз, ал сол уақытта өзіміздің сүт өндіретін зауыттарымыздың орташа жылдық қуаттылығын пайдалану деңгейі шамамен 60 % құрайды. Құрғақ сүт өндірісі тіпті жоқ деп көрсетуге болады, бұл өнімді еліміз 90-95 %-н шетелден сатып алады [1].


Бұл цифрлар отандық ауыл шаруашылығын сапалық тұрғыдан дамытудың, яғни жаңғыртудың қажеттілігін аңғартады.

Берілген мақалада аграрлық тұрғыдан дамыған елдердің жетістіктеріне негізделіп, еліміздің ауыл шаруашылығын жаңғыртудың мүмкін бағыттарын анықтауға бір қадам жасалынады.

Инновациялық модель бойынша дамыған мемлекеттерде экономикалық стратегияның түбегейлі негізі ретінде технологиясы жоғары өндірістерді жай ғана дамыту емес, сондай-ақ, инновациялық тепе-теңдікке жету болып табылады, яғни инновациялық компоненттің рөлін және шамасын оңтайландыру. Осындай тәсіл бизнес пен қоғамның ғылыми сiңiргiштiгi жоғары, технологиялық тұрғыдан күрделі өндірістерді дамытуға және ғылыми зерттеу, тәжірибелік конструкторлық жұмыстарды кеңінен жүргізуге ерекше қарым-

қатынасты қалыптастырады. Бұл экономиканың инновациялық жолмен дамуын көздейді [2]. Осы елдердің ауыл шаруашылығының экономикалық дамуының инновациялық модельдерін қарастырайық.

Еуропалық модель толық инновациялық цикл моделі ретінде қарастырылады, яғни инновациялық ой қалыптасудан бастап дайын өнімнің жаппай өндірісіне дейін (сурет 1).




Сурет 1. Ауыл шаруашылығы қызмет етуінің инновациялық механизмінің Еуропалық моделі [3]

Берілген модель, көбінесе, инновациялық жүйе құрылымының барлық құрамдас бөліктерін қамтиды: іргелі және қолданбалы ғылымды, зерттеулер мен әзірлемелерді, тәжірибелі үлгіні өндіруді және жаппай өндірісті, сондай-ақ, экспертиза жүргізу, қаржыландыру және кадрларды даярлау құрылымдарының барлық түрлерін.

Инновациялық бағыттағы ірі корпоративтік құрылымдар Еуропада кең таралған. Өткен ғасырдың 70-шы жылдарында өндірістік құрылымдары бар ірі бірлестіктер пайда болды, ал келесі екі онжылдықтар ішінде мемлекет шағын инновациялық кәсіпорындардың дамуына қолдау жасай бастады. Сонымен қатар, шағын кәсіпорындардың инновациялық қызметі мен ірі инновациялық компаниялардың өндірістік қуаттары арасында байланыстар да кеңінен қолданыла бастады.

Біздің ойымызша, берілген модель инновациялық бағыттағы шағын ауыл шаруашылық кәсіпорындарының дамуына көмектеспейді, өйткені аграрлық сектордың қарқындылығы азаяды. Оған қарамастан, орташа кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі мемлекеттік бақылаудың ұстамды механизмі тарапынан қолдауға ие болады, ал инновациялық жүйенің үш деңгейде қалыптасуы әр елге өзіндік, яғни осы елдің ерекше жағдайын, бірегейлігін есебке алатын ауыл шаруашылық саясатын ұйымдастыруға жағдай жасайды.

Инновациялық механизмнің американдық моделі еуропалықтан күрт айрықшаланады. Ірі ғылыми құрылымдарды іргелі зерттеулерде белсенді қолданып, американдықтар негізгі назарды ұсақ, шағын кәсіпорындарға аударады (сурет 2).



Сурет 2. Ауыл шаруашылығы қызмет етуінің инновациялық механизмнің Американдық моделі [3]

Қаржылық тәуекелінің үлесі жоғары болатын кәсіпорындар негізінен жеке тұлғалармен (ғалымдар, жетекшілер) немесе ірі фирмалармен құрылады. Олардың толықтай дербестігі болады және олар тек байланыстырғыш бөлім ретінде қызмет етіп, жаңа инновациялық өнімдерді құрастыру мен іске асырудың қолайлы түріне айналады. Негізгі мақсаты – инновациялық қызметті нығайту мен күшейту, жаңа ойларды қалыптастыру және нарық талаптарына тез арада бейімделу. Шағын кәсіпорындар инновациялық қызметке өте бейім және белсенді болады, әкімшілік бақылауға тәуелділігі төмен, шешімдерді қабылдауда тәуекелге баруға дайын және өзгерістерге икемді болады. Венчурлық кәсіпорындар ретінде аналитикалық орталықтар, ғылыми-зерттеу

орталықтары, университеттер және университеттік консорциумдар қызмет ете алады. Олардың негізінде инновациялардың тиімділігі туралы мәліметтер жалпыланады, нәтижесінде осы инновацияны агроөнеркәсіптік секторда енгізумен және қолданумен байланысты болатын кемшіліктерді тез арада анықтауға жағдай туындайды.

Шетел елдерде ішкі қолдаумен қатар ауыл шаруашылық субъектілерге демеу жасаудың жанама әдістері де ерекше дамыған. Бұл әдістер несиелік және салық саясатының механизмдері негізінде жүзеге асады. Мысалы, Германияның Шығыс өңірінде агроөнеркәсіптік бағыттағы жаңа кәсіпорынды құру немесе сатып алу үшін жеңілдетілген несиелер ұсынылады, оның пайызы жылдық 7,5 %-дан аспайды, сонымен қатар мамандырылған кәсіпорынның дамуын ынталандыратын қаржылық-несиелік механизм құрастырылған.

Берілген несиені берудің шарты ретінде жобаны қаржыландыруға жұмсалатын жалпы инвестициялар көлемінде өзіндік қаржының үлесі 15 % құрау керектігін атауға болады. Ол кәсіпорынның қызметі басталғаннан кейін алғашқы үш жыл ішінде беріледі. Өзіндік капиталға демеу жасауға арналған жеңілдетілген несиені меншік иесі 20 жылға дейінгі мерзімге ала алады, сонымен қатар, алғашқы үш жыл ішінде бұл несиеден саналатын пайыздық ставка алынбайды, одан кейін ол біртіндеп өсе бастайды, төртінші жылы 2 пайыз құрап, бесінші жылы – 3 %, ал алтыншы жылдан бастап әрі қарай – 5 % құрай бастайды. Капиталға демеу жасайтын осындай несиелер фермердің өзіндік қаржысын өсіріп, жалпы кәсіпорын құруға қажетті инвестиция сомасының 40 %-ға дейінгі мөлшерін толтыра алады.

Көрсетілген экономикалық ынталандырудың кейбір элементтерін жақсылап тұрып талдап, отандық жағдайларға бейімдеу керектігін жеке атап көрсету керек. Бұл отандық ауыл шаруашылық өндірушілерінің ауыл шаруашылық экономикасындағы ғылыми-техникалық прогрестің белсенділігін көтеруге бағытталған жаңғыртуларды енгізуге бейімділігін көтереді.

АҚШ ауыл шаруашылығының инновациялық жүйесі, оның келесі функцияларын есебке алып ұйымдастырылған:

- инновациялар оларға қатысты сұранысқа сәйкес болу керек;
- кәсіпкерлер мен өнеркәсіпшілердің халықаралық конгресі бағдарламалары көмегімен ауылшаруашылық ғылыми ұйымдарда кадрларды оқыту және тәжірибелік дағды беру;
- гранттардың бәсекеге қабілетті схемаларын пайдалану, дербес агентстволарды қолдану, үкімет, жеке меншік компаниялар мен ғылыми-зерттеу ұйымдары арасында бірлескен консалтингтік комитеттерді ұйымдастыру;
- агроөнеркәсіптік инновациялық жүйе белсенді сипатта болу керек.

Жиналған тәжірибені жұмыстың жаңа тәсілдерімен және әдістерімен ұштастыра қолданудың нәтижесінде әлемдік дағдарыс жағдайларында жүйенің тіршілік ету қабілетінің өсуімен қатар, жаңа инвесторларды келтіруге жағдай әлдеқайда жақсарады.

Біздің ойымызша, қарастырылған американдық модель еуропалық модельге қарағанда отандық аграрлық сектордың инновациялық дамуына әкелетін

пайдасы жоғарырақ. Бұл қорытынды зерттелген модельдің келесі артықшылықтарын жеке бөліп талдаудан шығарылған:

1. Инновациялық инфрақұрылымда шағын инновациялық кәсіпорындардың үлесі әлдеқайда жоғары, олар нарықтық сұранысқа бағытталған жылдам инновациялық процестердің өтуіне қажетті жағдайлар жасайды;

2. Инновациялық қызметті қаржыландыру процесі инновациялық өнімге тапсырыс берушінің есебінен жүргізіледі, ал интеллектуальді меншікке қатысты құқықтар орындаушы жақта қала береді.

Модельдерді талдау көрсеткендей, мемлекеттік демеу жүйесі инновациялық процестің барлық кезеңдерінде маңызды болады. Сондықтан да шет елдердің инновациялық даму модельдерінің ерекшеліктерін талдаумен қатар, осы елдердегі ауыл шаруашылығының инновациялық дамуына мемлекеттік қолдау жүргізу жүйесінің ерекшеліктеріне де арнайы зерттеу жүргізген дұрыс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Продовольственная безопасность накануне глобального голода. 28 апреля 2020 года. [Электронный ресурс]. – 2020. – Режим доступа: <https://kazvedomosti.kz/article/prodovolstvennaya-bezopasnost-nakanune-globalnogo-goloda/>

2. Никонова Я.И. Современные тенденции формирования стратегии инновационного развития экономических систем. - Вестник ТГУ. – 2013. – № 367

3. Инновационное развитие сельского хозяйства в зарубежных странах. Электронный журнал «NOVAINFO», №29-1, 18.12.2014, экономические науки, Краснова Наталья Александровна, кандидат наук, доцент. <https://novainfo.ru/article/2777>